

Г.Ж. Орынбасарова^{1*} , **Г.У. Рашева²** 

¹ Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: orynbasarova.74@mail.ru,

ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ (1950–1980 Ж.)

Мақаланың мақсаты – 1950–1980 жылдардағы Қазақстандағы орта білім беру ісінің даму тарихына ғылыми тұрғыдан талдау жасау. Бүгінгі күнге дейін кеңестік тарихнамада орта білім беру ісінің тарихы бір сарында сипатталып келді. 1950–1980 жылдары жалпыға міндетті орта білім беру ісін жақсарту мақсатында қабылданған реформаларда жергілікті-жерлердегі халықтардың ұлттық мүддесі қарастырылмады. Бұл реформалар КСРО-ның білім беру ісін бір жүйеге келтіруге бағытталды. Зерттеу жұмысы 1950–1980 жылдары Қазақстанда орта білім беру ісінің жалпыға міндетті бірыңғай орта білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталғандығын түсінуге мүмкіндік берсе, екіншіден, бір жүйеге келтірілген білім беру жүйесін басқару, оны бақылау және кеңестік биліктің халықтар арасында бірыңғай насихатталуын қадағалау мақсаты көзделді. Сонымен қатар аталған уақытта қабылданған реформалар орта мектеп бағдарламасына оқытудың жаңа әдістерін енгізді. 1950–1980 жылдары қабылданған білім туралы реформалар арқылы бұрынғы нормативтік құқықтық негіз жаңартылып, орта және орта кәсіби білім беру жүйесі экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайға сәйкестендірілді.

КСРО-да жаппай индустриаландыру барысында өнеркәсіптің бірнеше жаңа салалары құрылды және барлық салалардағы өндіріс ауқымы бірнеше еседен ондаған есеге айтарлықтай ұлғайды. Оған қоса, Ұлы Отан соғысынан кейінгі кадрлық шығынның орнын толтыру қажеттігін шешу мақсатында ел жастарын орта арнаулы білім алуға ынталандыру бірінші жолға қойылды. Бұл елдегі орта кәсіби білімді дамытуға сұранысты арттырды. Авторлар, қарастырылып отырған жылдары қабылданған реформалар орта мектептердің жүйелі қалыптасып дамуына негіз болғандығын және оның сипатын бүгінгі көзқарас тұрғысынан қорытуды көздейді.

Түйін сөздер: ағартушылық, реформа, ұлттық мектеп, республика, индустрия, қаулы, КСРО Министрлер Кеңесі.

G.Zh. Orynbasarova^{1*}, G.U. Rasheva²

¹South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

²Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: orynbasarova.74@mail.ru

History of development of secondary education in Kazakhstan (1950–1980)

The purpose of this article is to scientifically analyze the history of secondary education in Kazakhstan from the 1950s to the 1980s. Until now, the history of secondary education in Soviet historiography has been described in a uniform manner. Reforms adopted in the 1950s to 1980s to improve compulsory secondary education failed to take into account the national interests of indigenous peoples. These reforms were aimed at unifying the Soviet education system. This study revealed that secondary education in Kazakhstan from the 1950s to the 1980s was aimed, firstly, at creating a unified system of compulsory secondary education, and secondly, at managing and overseeing this unified education system and promoting Soviet power among the people. Furthermore, the reforms adopted during this period introduced new teaching methods into the secondary school curriculum. As a result of the educational reforms carried out in the 1950s–1980s, the previous regulatory framework was updated, and the system of secondary and secondary vocational education was adapted to the economic, social and political situation.

During mass industrialization in the USSR, several new industries were created, and the scale of production in all sectors increased significantly – from several to dozens of times. Furthermore, to compensate for the loss of personnel after the Great Patriotic War, priority was given to encouraging the country's youth to obtain secondary vocational education. This increased the need to develop secondary vocational education in the country. The authors argue that the reforms carried out during the years

under review laid the foundation for the systematic establishment and development of secondary education, and summarize its essence from a modern perspective.

Keywords: education, reform, national school, republic, industry, decree, Council of Ministers of the USSR.

Г.Ж. Орынбасарова^{1*}, Г.У. Рашева²

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: orynbasarova.74@mail.ru

История развития среднего образования в Казахстане (1950–1980 гг.)

Целью статьи является научный анализ истории развития среднего образования в Казахстане в 1950–1980-е годы. До настоящего времени история среднего образования в советской историографии описывалась однообразно. Реформы, принятые в 1950–1980 годах для совершенствования обязательного среднего образования, не учитывали национальные интересы коренных народов. Эти реформы были направлены на унификацию системы образования СССР. Проведенное исследование позволило понять, что среднее образование в Казахстане в 1950–1980 годах было направлено, во-первых, на формирование единой системы обязательного среднего образования, а во-вторых, на управление единой системой образования, контроль за ней и единую пропаганду советской власти среди народа. Кроме того, реформы, принятые в это время, ввели новые методы обучения в программу средней школы. В результате реформ образования, проведенных в 1950–1980-х годах, была обновлена прежняя нормативная база, а система среднего и среднего профессионального образования была адаптирована к экономической, социальной и политической ситуации.

В ходе массовой индустриализации в СССР было создано несколько новых отраслей промышленности, а масштабы производства во всех отраслях значительно увеличились – от нескольких до десятков раз. Кроме того, в целях компенсации кадровых потерь после Великой Отечественной войны первостепенное значение придавалось стимулированию молодежи страны к получению среднего специального образования. Это повысило потребность в развитии среднего профессионального образования в стране. Авторы утверждают, что реформы, проведенные в рассматриваемые годы, заложили основу для планомерного становления и развития средней школы, и обобщают её сущность с современных позиций.

Ключевые слова: просвещение, реформа, национальная школа, республика, индустрия, становление, Совет Министров СССР.

Кіріспе

Кеңес Одағы құрылғаннан кейінгі білімде Кеңестік дәуірге дейінгі тарихты қаралау және моральдық нұсқауларды бұрмалаушылық орын алды. Кеңес Одағында логика, психология сияқты пәндер мектеп бағдарламасынан алынып тасталды (ол революцияға дейінгі гимназияларда оқытылды). Оқытудың мақсаты тек білім мен дағдыны беру ғана емес, сонымен бірге кеңес азаматын тәрбиелеуді алға қойды. Көп жағдайда кеңестік тәрбиенің адамгершілік мақсаты отбасы мен қоғамның лайықты мүшесін тәрбиелеу емес, еңбек ұжымы мүшесін тәрбиелеу болғандығын естен шығармаған жөн. Дегенменде, КСРО-ның білім беру саласында қабылданған реформалар Қазақстанда жалпы орта білім беру ісінің дамуына негіз болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін КСРО-да ең қысқа мерзімде сол кездегі дүниежүзілік

стандарттарға сай келетін білім беру инфрақұрылымының қалыптасуы жүзеге асты. Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесінің одан әрі қалыптасуы Кеңес өкіметі жағдайында өтті және оның негізгі принциптері мемлекеттік және қоғамдық сипат, коммунистік идеологияның насихатталуы, қолжетімділік, ақысыз жалпыға бірдей орта білім беруді қамтамасыз етуге негізделді. 1950-1980 жылдары орта мектептер мен орта кәсіби білім беру ұйымдары қоғамның әлеуметтік-экономикалық, техникалық, ақпараттық және т.б. өндірістік орындарын қажетті мамандармен қамтамасыз етуге шешуші рөл атқарды. Онда қоғамның барлық салаларын дамытуда білім беру ісі арқылы маңызды күштердің қалыптасуы мен дамуының әмбебап мәдени-тарихи үлгісі қалыптасты. Жалпы білім беру ісі адамдардың белгілі бір қоғамдастығын және олардың өмір салтын толығымен байланыстыратын мәдени нормалар мен құндылық-

тарды сақтауда ортақ өмірлік қажеттіліктерді қамтыды.

Соғыстан кейінгі жылдары орта білім беру ісінің әдіснамасын жаңа жолға қоюға назар аударылды, себебі жалпы білім беретін мектепте тәрбие мен білім беру мәселесін шешу қоғамның сапалық жаңа деңгейге көтерілуінің кепілі болатындығын өркениетті елдер тәжірибесінде дәлелденді. КСРО көлемінде орта білім беру ісін дамыту мақсатында көптеген реформалар қабылданып, жалпыға міндетті білім беруде мектептердің барлығы дерлік онсыныптық білім беру жүйесіне ауыстырылды.

Қазақстанның білім беру жүйесінде ұлттық болмыстың жоғалуы, формализм, оқу-тәрбие үрдісінің шектен тыс идеологиялануы орын алды. Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесі республикадағы үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны болып табылатын балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тұтас, серпінді, ұйымдасқан жүйесі коммунистік идеология негізінде тәрбиеленіп, білім алды. Орта білім беретін (күндізгі, кешкі) және кәсіптік мектептерде оқушы кәсіби мамандық алумен қатар оқуын мектеп бағдарламасы бойынша аяқтады.

Зерттеу барысында 1950-1980 жылдардағы КСРО мемлекеттік саясатының халыққа білім беру саласындағы реформаларды зерттеу арқылы оның Қазақстанның орта білім беру ісінің өзгеріске түсуіне ықпал еткен факторларды анықталды. Бүгінгі күнде қай ғылым саласы болсын өзінің зерттеу нысаны мен субъектісін жаңаша ойлаумен байланыстырады. Бұл ғылымдардың әдіснамалық негізін білуді және қазіргі дүниежүзілік ғылыми танымның құралдары мен амалдарын жетілдіруді талап етеді. Әсіресе жалпыға міндетті орта білім беру ісінің әдіснамалық және әлеуметтік мәнін арттыру, жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуы міндеттерін болжап, білу мейлінше айқын қойылуы тиіс.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Бұл мақалада негізгі жалпы тарихи әдістер – жүйелі тарихи талдау, тарихи салыстырмалы талдау және сыни тұрғыда қарастыру қолданылды. Бұл әдістер негізінен салыстырмалы талдаумен және жалпы ғылыми әдістермен – талдау, сипаттама және түсіндірумен бірге қолданылды. Мақалада тақырыпқа байланысты жазылған әдебиеттер мен жекелеген зерттеулерге жүйелі тарихи талдау жасау білім беру саласында орталықпен қабылданған реформалардың

бір орталыққа бағындырылған жүйеде дамығандығын объективті, шынайы түрде саралауға мүмкіндік береді. Осыған орай М. Қозыбаевтың (Қозыбаев М., 1992), У.Х. Ходоудың (Hadow W.H., 1924), А.М. Галлахердің (Gallagher, A.M., 1989) және т.б. авторлардың еңбектері қарастырылды.

Орыс ғалымдары А.П. Лиферовтың (Лиферов А., 2001), Л.В. Занковтың (Занков Л., 1968), И.Я. Лернердің (Лернер И., 1981), Ю.К. Бабанскийдің (Бабанский Ю., 1982), А.В. Усованың (Усова А., 1986) зерттеулерінде 1950-1980 жж. орта мектептерге қатысты қабылданған реформалар біржақты қарастырылған. Ал А.М. Тұрлыбекованың (Тұрлыбекова А., 2016) мақаласында келтірілген тарихи факторлар аталған кезеңде жалпыға бірдей міндетті орта білім алу кеңес азаматтарының барлығына бірдей қол жетімді болмағанын көрсетеді. 1950-1980 жж. орта білім беру саясатының эволюциясын талдау тек осы салаға қатысты қабылданған реформаларға арналған жеке еңбектер аясында жүргізілгенімен отандық, шетелдік және орыс ғалымдарының орта білім беру ісіне қатысты қабылданған реформалар туралы пікірлерін қорытуда тарихи салыстырмалы талдау жасау әдісі қолданылды. Авторлар Қазақстанның орта білім беру ісіне қатысты отандық және орыс ғалымдарының әдебиеттеріне сараптама жасай отырып, бұл кезеңде қабылданған реформалар жергілікті-жерлердегі ұлттық мектептерді дамыту емес, орыс мектептерінің ашылуына себеп болғандығын сыни тұрғыдан қарастырады.

Зерттеу нәтижесі мен талдау

1950-1980 жылдары КСРО-да орта білім беру бірінші орынға қойылып, орта мектептерде оқыту үрдісінің негізі қаланды. КСРО құрамында болған бірқатар республикаларда Ғылым Академиялары құрылып оқытудың жаңа әдістері жасалды (Вдовин А.И., 2018: 17). Оған білім берудің теориялық мәселелерін зерттеу және мұғалімдердің білім сапасын арттыру мен педагог кадрларды даярлау ісі кірді. Одақ көлемінде құрылған Педагогика ғылым академиялары алдында оқу-ағарту ісінде теория мен тәжірибенің байланысын жүзеге асыру қажеттілігі тұрды (Советская энциклопедия, 1965: 55). Оған қоса орта білім беру ісінде орталықпен қабылданған реформалар одақ көлемінде бір уақытта жүзеге асырылды.

Соғыстан кейінгі жылдары КСРО тарихында алғаш рет жалпыға бірдей дерлік сауаттылыққа қол жеткізілді. Бұл кезде ерте есейген азаматтардың қатары көп болды, өйткені соғыстан кейін жұмысқа ерте бару қажеттілігі туындады. Соған қарамастан, азаматтардың барлығы дерлік оқу мен жазуды үйренді. 1947 жылы қабылданған КСРО Министрлер Кеңесінің «Шаралар туралы» қаулысына сәйкес, Қазақ КСР жоғары және орта білім беру жүйесін одан әрі дамытуда орта білім беруді қаржыландыру ұлғайтылды (Постановление ДК КПСС от 26 апреля 1979 года, 1979: 15).

Білім беру жүйесін халық шаруашылығының қажеттіліктеріне қарай бағыттау 1952 жылы қазанда КОКП-ның XIX съезінде мемлекеттің саясаты ретінде қабылданды (Политехническое образование, 1999). Онда орта мектепте политехникалық білім беру идеясы ұсынылды, бұл барлық орта мектептердегі білім беру жүйесін реформалауды талап етті (Занков Л., 1968: 85). Осы кездегі саяси-қоғамдық жағдайда орта мектеп түлектерінің өнімді еңбекке дайындығын арттыру негізінде мектептегі білім беруді күшейту арқылы қоғамды қажетті білікті кадрлармен қамтамасыз ету қарастырылды. Себебі соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта арнайы мамандығы жоқ азаматтар жаппай жұмысқа алынды.

1954 жылы 1 шілдеде КСРО Министрлер Кеңесінің «Мәскеу, Ленинград және басқа қалалардағы мектептерде бірлескен оқытуды енгізу туралы» қаулысы шықты (Политехническое образование, 1999: 94). Осы реформаның қабылдануы нәтижесінде 1943 жылдан сақталған ұлдар мен қыздарды бөлек оқыту жүйе жойылды. Кеңестік кезеңдегі білім беру саласына енгізілген жаңа өзгерістер белгілі бір тарихи оқиғалармен байланысты болды. Бұған А.М. Турлыбекованың мақаласы мысал бола алады (Турлыбекова, 2016: 124). 1950-ші жылдары қабылданған реформаларға байланысты кеңестік мектептерде барлық кеңес азаматтары тегін білім алуға құқылы болғанымен күштеп қоныс аударылған халықтардың балаларының мектептерде оқуға әлі де құқығы болмады. Олар тек 1956-шы жылдан кейін ғана бұл мүмкіндікке ие болды.

1956 жылы 6 маусымда КСРО Министрлер Кеңесінің «Орта мектептердің жоғары сыныптарында, КСРО-ның орта арнаулы және жоғары оқу орындарында оқу ақысын жою туралы» қаулысы шықты (Политехническое образование, 1999: 94). Кеңес үкіметімен жалпыға бірдей орта

білім беруді дамытуда, оқушыларды мектептен кейін жоғары білім алуға бағыттауға ерекше мән берілді.

1956 жылы ақпанда өткен КОКП-ның XX съезі КСРО халық шаруашылығын дамытудың 1956-1960 жылдарға арналған алтыншы бесжылдық жоспарын қабылдады (Политехническое образование, 1999: 94). Съезд айқындаған басты міндет халық шаруашылығының барлық салаларының, әсіресе ауыл шаруашылығының одан әрі қуатты өсуін қамтамасыз етуде ауыл шаруашылық мамандарын даярлауға негізгі қадам болды. Бұл 1957 жылы қазіргі Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы аграрлық университетінің және кейіннен Көкшетау мен Қостанай қалаларында жоғары оқу орындарының ашылуына себеп болды.

Жалпыға міндетті сегізжылдық мектептерді онжылдық білім беруге көшіруге байланысты қабылданған реформалар, КСРО халқының білім деңгейін жоғарылатты бірақ, жекелеген ұлттар мен этностардың ұлттық мәдениеттерін дамыту ескерілмеді. Бұл мәселе 1955-60 жылдары Орталық Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеруде жаңа кеңшарлардың құрылуы, Ресей, Украина, Белорусия және Молдованың мыңдаған отбасыларының қоныс аударуына байланысты мектептердегі оқушылар санының күрт өсуінен байқалды. 1960 жылы Қазақстанда 1063 жалпы білім беретін орта мектептер болды. Қазақстанның солтүстік аудандарында бірқатар қазақ мектептері жабылып, аралас қазақ-орыс немесе орыс мектептеріне ауыстырылды. Осыған орай Қазақстан үкіметі орыс тілін 1-ші сыныптан бастап оқыту туралы қаулы қабылдады (Нурлигенова З.Н., 2015: 282).

Еліміздегі орта білім беру ісін дұрыс жолға қоюды ұсынған тарихшы Е.Бекмаханов болды. Ол 1958 жылы КСРО Жоғары Кеңесіне республика тарихын мектепте дербес пән ретінде оқытуды тұңғыш болып ұсынды. Аталған жылы республика тарихын оқытуда Е.Бекмаханов Қазақстан тарихы пәні оқулығының нұсқасын дайындады. Автор, қазақ елі мен жерінің шежіресін 14-15 жастағы оқушылар ұғымына лайықтап қарапайым тілде жазып, ұзақ тарихты мектеп бағдарламасына ықшамдап суреттеді. Е. Бекмаханов «Қазақ КСР тарихының 8-9 кластарға арналған оқу құралы» (1959 ж.) және «Қазақ КСР тарихының 10 класқа арналған оқу құралы» (1960 ж.), ал 1962-1963 жылдары сегізжылдық мектептің 7-8 сыныптарына және онбіржылдық мектептің 9-11 сыныптарына арналған оқулық-

тары мен соған сәйкес жазылған бағдарламасын дайындады (Бекмаханов Е., 1967: 88).

КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1959 жылғы 8 қазанындағы «Мектепте тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы» қабылданған қаулыға сәйкес республика мектептерінде «Қазақ КСР тарихы» алғаш рет КСРО тарихының құрамында курс болып оқытыла бастады. Осы жылдары Қазақ КСР тарихы курсының бағдарламасы, оқулықтары, хрестоматиясы, оқу құралдары дайындалып, тарихи карталардың тізімі бекітілді (Бекмаханов Е., 1967: 97). Бұдан кейін орта білім беру ісіне байланысты қабылданған реформаларда мектептің материалдық-техникалық базасын кеңейту, оқытуда жаңа пәндерді енгізу, мұғалім беделін күшейту көзделді. Бірақ елімізде қазақ тілінде оқытатын мектептердің жағдайы күрделі күйінде қалды.

1966 жылы 10 қарашада КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Жалпы білім беретін мектептер жұмысын одан әрі жетілдіру шаралары туралы» қаулысы қабылданды (Народное образование, наука и культура в СССР. Статистический сборник, 1977: 48). КСРО-ның Оқу министрлігі мен одақтық республикалардың Оқу (халық ағарту) министрліктеріне жалпы білім беретін мектептерде білім мазмұнын алдыңғы қатарлы білім беру ұйымдарының талаптарына сәйкестендіруді қамтамасыз ететін жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларын енгізу тапсырылды. Бұған сәйкес, Қазақстанның орта білім беретін мектептерінде 5-7, 10-сынып бағдарламасына жазғы еңбек тәжірибесі енгізілді. Осы шаралардың қабылдануына сәйкес жалпы одақ көлемінде орта мектептердегі оқу пәндерінің бағдарламаларына өзгеріс енгізуді ұйымдастыру қажеттігі А.В. Усованың (Усова А., 1986) еңбегінде қарастырылған.

1967 жылы 3 маусымда КСРО Министрлер Кеңесінің «Мектеп оқулықтарын дайындау мен басып шығаруды және оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету шараларын жақсарту туралы» №502 арнайы қаулысы бекітілді (КПСС о культуре просвещения и науке. Сборник документов, 1963: 147). Онда КСРО Білім министрлігіне, КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясына мектеп оқулықтарының мазмұны мен көлеміне ғылыми негізделген талаптарды әзірлеу және «Оқушылардың негізгі пәндері бойынша тұрақты орта мектептің оқу жоспарына мектеп оқулықтарының қолжазбаларын дайындауды ұйымдастыру» тапсырылды. Жалпы білім бере-

тін орта мектепте (9-10 сыныптар) еңбекке баулу аймақтың сұранысын ескере отырып, сұранысқа ие мамандықтар бойынша ұйымдастырылды. Ол белгілі бір мамандықты меңгеру және біліктілік емтихандарын тапсыру арқылы аяқталды. Орта мектептерде білім сапасын арттыру қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәселесін шешуге ықпал етуде маңызды. Осы орайда орта мектептерде жаңа оқу бағдарламасын енгізуде оқытудың дидактикалық әдістемесі орыс ғалымдары И.Я. Лернер (Лернер И., 1981) және Ю.К. Бабанскиймен (Бабанский Ю., 1982) ұсынылды.

1969 жылы мектептік білім беру реформасына сәйкес, Қазақстан республикасында бастауыш және орта жалпы білім беретін мектептерінің құрылымы өзгерді: бастауыш мектеп төрт жылдықтан үш жылға қысқартылды (білім 1-ден 3-сыныпқа дейін); толық емес орта мектеп бастауыш мектеп есебінен бір жылға ұлғайтылды (білім беру 4-8 сыныптар); орта мектеп (оқыту 9-10-сыныптар аралығында). Реформа нәтижесінде бастауыш сыныптары төрт жылдық білім беруден үш жылдық болып, жоғары сыныптардағы пәндерді кеңейтілген оқу түріне көшіруде қосымша бір жыл қосылды. Бастауыш сыныптардағы еңбек сабағын оқыту мазмұны іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Ол бұрынғысынша қағазды, картонды, маталарды және басқа да оңай өңделетін материалдарды өңдеу үлгісіне, сондай-ақ техниканың ең қарапайым объектілерінің үлгілерін құрастыруға негізделген.

1969-1970-ші оқу жылында мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушылары жаңа үш жылдық бастауыш мектеп бағдарламасы бойынша оқытылатын оқулықтардың мүлдем жаңа жиынтығын пайдаланды. Бұрынғы бағдарлама бойынша оқуын бастаған жоғары сыныптар бұрынғы оқулықтар бойынша оқуын жалғастырды.

Аталған жылдары 5-9 сынып оқушыларын еңбекке баулу бұрынғы 3-7 сыныптардағыдай қалдырылды. 7-8 сыныптарда мектеп оқушыларын еңбекке баулу кәсіптік оқыту және өндіріс негіздері, мамандық таңдау, бейіндік оқытуда оқушыларға арналған еңбек сабағының бағдарламалары жаңартылды. Мысалы, мектеп оқушыларына еңбек сабағында металл өңдеу, ағаш өңдеу, мата өңдеу, т.б. үйретілді. 7-8 сыныптарда еңбек түрін (бейінін) зерттеу, 9-10 сыныптарда оқушылар осы еңбек түрінен белгілі бір кәсіпті (мамандық) таңдауға мүмкіндік алды. Яғни, 7-8-сыныптардағы бейіндік білім беру 9-10-сыныптарда толық көлемде жалғасатын кәсіптік оқытуға жалпы дайындық кезеңі болды. Бұл

курс «Өндіріс негіздері. Мамандық таңдау» тақырыбында мектеп оқушыларын халық шаруашылығының негізгі салаларымен, әр түрлі кәсіптегі жұмысшылар еңбегінің мазмұнымен таныстырды (Терехов А.Н., 2009: 57). Сонымен бірге, курс еңбектің әртүрлі түрлерінің жеке тұлғаның қасиеттеріне қойылатын талаптары және белгілі бір кәсіптегі жұмысшылардың кәсіби дайындығы туралы түсінік берді. Бұл курстың негізгі мақсаты мектеп оқушыларының болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына көмектесу болды.

КСРО-да міндетті онжылдық орта мектепті бітіру емтихандарынан соң үздік оқушыларға алтын және күміс медальдарды табысталды. Балалардың денсаулығына, олардың тамақтануына үлкен көңіл бөлінді. Ата-анасыз қалған балалар интернатқа орналастырылды, немесе басқа отбасылардың тәрбиелеуіне қабылданды (Материалы Пленума Центрального Комитета КПСС, 1983: 24).

1970 жылдары жалпыға орта білім беруге түпкілікті көшу Үкіметтің «Жастарға орта білім беруді аяқтау және мектептерді одан әрі дамыту туралы» қаулысында нақты айтылды. Сәйкесінше, орта мектептердің оқу бағдарламаларына оқушының танымдық қабілетін дамытуға арналған әдістемелік нұсқаулықтар енгізілді (Павлищев К.С., 1987: 98).

«Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді реформалаудың негізгі бағыттары туралы» КСРО Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Терехов А.Н., 2009: 54) негізінде Қазақстанда 11 жылдық мектептер ашылды. Оқушылардың мектепке бару жастары 6 жастан басталды. Кеңес үкіметі тұсында орта мектептерді қажетті техникамен қамтамасыз ету шетелдік елдерден артта қалды. 1980 жылдарға дейін орта мектептерде оқытудың тиімді әдістері зерттелді.

Аталған кезеңде халыққа білім беруді дамытуда: «Жастарға жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау және жалпы білім беретін мектепті одан әрі дамыту туралы», «Кәсіптік білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру туралы», «Ауылдық жалпы білім беретін мектептің жұмыс жағдайын одан әрі жақсарту шаралары туралы» және т.б. маңызды қаулылар қабылданды (Павлищев К.С., 1987: 98). Мұны жүзеге асыруға КСРО құрамында болған республикалардың барлық партиялық және мемлекеттік органдары, жоспарлау және ғылыми-зерттеу мекемелері, сондай-ақ ауылдық, кеңшарлар және ұжымшарлардың партия, кеңес, кәсіподақ және әкімшілік ұйымдары мен мемлекеттік кәсіпорындары тартылды. Осы кездегі Қазақ КСР-інің жетіжылдық, сегізжылдық және орта мектептерінің 1940-1967 жж. өсу тенденциясы төмендегідей болды.

1-кесте

Оқу жылдары		1940 1941	1945 1946	1950 1951	1955 1956	1960 1961	1966 1967
Жеті, сегіз жылдық мектептер	Мектептер	1770	1708	2447	3002	3055	3231
	Оқушылар	418538	250741	560371	471341	662298	947377
Орта мектептер	Мектептер	698	714	659	1110	1310	1965
	Оқушылар	419137	288597	226789	624199	828554	1490926
Түрлі мектептер	Мектептер	33	10	11	14	16	40
	Оқушылар	3375	1135	725	1587	1619	6641

1966-1967 оқу жылында 1965 орта және 3 231 сегіз жылдық мектепте 2 438 303 оқушы оқыды, бұның өзі бұрынғы оқу жылдарымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш.

1967 жылы Қазақстанда жалпы білім беретін 7 288 орта мектепте 1 683 394 оқушы оқыған. Ондағы бірнеше тілде оқытатын мектеп

1667 болды, онда 613 489 оқушы оқыды. Бірнеше тілде оқытатын мектептер қазақ-орыс, қазақ-орыс-ұйғыр, қазақ-орыс-өзбек, қазақ-тәжік, орыс-тәжік-өзбек мектептері болып бөлінді (Беркімбаева Ш. және т.б., 2013: 187). 1969 жылдың аяғында Қазақстанда физика кабинеттерінің саны 1967 жылмен салыстырғанда 750-ге, ал

химиядан 750-ге өсті. Биология пәні бойынша 316-ға ұлғайтылған. Республиканың ауылдық мектептерінде оқушылар арасында еңбек бригадалары ұйымдастырылды, олар политехникалық мектептердің қоғамда тиімді екенін көрсетті. 1969 жылдың соңына қарай олардың саны 800-ге жақындады, онда 48 мыңға жуық оқушылар оқыды. 1970 жылдары орыс тілінде оқытатын мектептердің саны 1,5 мыңға дейін өсті, ал қазақ мектептерінің саны 3891-ден 2577-ге қысқарды (Нурлигенова З.Н., 2015: 284). Мектеп реформасы мектептегі әртүрлі пәндер бойынша сағат санының арақатынасына айтарлықтай өзгерістер енгізбесе де, ондағы білім беру мазмұны оқушыларға кеңестік тәрбие берудің формалары мен әдістерін өзгеріске ұшыратты. Оған елдегі қарқынды дамып келе жатқан ғылыми-техникалық революция түрткі болды.

1970 жылы республиканың 10154 жалпы білім беретін мектебінде 3 140 008 мың бала оқыды. 1967-68 оқу жылында бірінші сыныпқа барғандардың 80 пайызы сегізжылдық мектепті бітірді. Сегізінші сыныпты бітірген оқушылардың 90%-дан астамы тоғызыншы сыныпта, орта арнаулы оқу орындарында және кәсіптік техникалық оқу орындарында оқуын жалғастырды. Мектептерде факультативтік курстардың енгізілуінің арқасында оқушылар орта мектептің негізгі курсының оқу жоспарын, бағдарламаларын, оқулықтарын өзгертпей, бейімділігіне қарай пәндерді тереңдетіп оқи бастады.

Аталған жылдары шешімін таппаған мәселелердің бірі сыныптарда оқушылар санының көп болуы еді. Ірі қалаларда үш ауысымдық оқыту болды, бұл мәселе тек 1970 жылдардың басында ғана шешіле бастады. Мамандардың жетіспеушілігінен, әсіресе, ауылдық жерлерде мұғалімдер аптасына белгіленген 18 сағаттың орнына 40-42 сағат сабақ берді. Мектептердің едәуір бөлігі тозығы жеткен ғимараттарда болды (Зорина Л., 1978: 65).

Осы кезде қазақ оқушыларына білім алуда орыс тілін үйрену қажеттілігі туындағаны М. Қозыбаевтың (Қозыбаев, 1992) еңбегінде жазылған. Тарихшы қазақ балаларының жоғары білім алуы үшін олардан орыс тілін жетік білу талап етілгендігін және іс-қағаздар ісі тек орыс тілінде жүргізілгендігін айтады. Сонымен қатар,

ол осы кезеңдегі қазақ мектептерінің білім беру жүйесінде қазақ тілі мен ұлттық мүдде мәселесі кеңестер билігінің назарынан тыс қалғаны туралы жазды. Автордың еңбегінде кеңестік кезеңде қабылданған білім беру реформалар орта білім алушылардың білімін дамыту ғана емес, қажет мамандарды даярлаумен қатар, кеңестік билікке коммунистік идеологияны насихаттаушы мамандар даярлау қажет болғандығы туралы қарастырылған.

1970-ші жылы қабылданған реформалар мектептегі оқу жоспарын еңбек тәрбиесі мен оқушыларға кәсіби бағдар беру мазмұнын өзгертті. Мектеп оқушыларының орта кәсіби білім алуға қызығушылығы комсомол, пионер ұйымдарының көмегімен жүзеге асырылып, олардың демалысы мен бос уақыттарын осы бағытта ұйымдастыру жөнінде жұмыстар атқарылды. Пионерлердің қала сыртындағы жазғы лагерьлерде демалыстарын ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуда, балалардың жасы, жергілікті жағдайлары мен ұлттық ерекшеліктері ескерілді. Оны жүзеге асыруда «В.И. Ленин атындағы бүкіл одақтық пионер ұйымы жайындағы ереженің», «Дружинаның аға пионер жетекшісі жайындағы ереженің», «Пионерлердің іскерлігі мен дағдыларының үлгі тізімі» сияқты ережелер басшылыққа алынды (Народное образование, наука и культура в СССР. Статистический сборник, 1977: 138).

Қазақстандағы комсомолдар ұйымы (ВЛКСМ) жергілікті партия комитеттерінің басшылығымен Ленин ісін – коммунизмді құруда табанды да саналы күрескерлерді тәрбиелеу міндеті негізінде жүзеге асыруды алға қойды. КСРО-да мыңдаған пионер сарайлары мен үйлері, жас техниктерге, жас саяхатшылар мен жас ізденушілерге арналған станциялар және басқа да көптеген үйірмелер ашылды. Бұл үйірмелерде кеңестік мектептен тыс білім беру тегін ұйымдастырылды. 1970-ші жылдары Қазақстанның орта мектептерінде қалыптасқан білім беру жүйесі КСРО құрамында болған басқа республикалармен бір жүйеде дамыды.

Қазақ КСР-інде оқушыларға мектептен тыс үйірмелер мекемелерінің саны төмендегідей болды (Народное образование, наука и культура в СССР. Статистический сборник, 1977: 139):

2-кесте

Жылдар	Оқушылар мен пионерлер сарайы	Жас техниктер станциясы	Жас натуралистер станциялары	Экскурсиялық турист станциялар
1950	186	4	7	-
1960	210	19	17	14
1965	213	23	17	17
1970	250	39	24	18
1975	286	85	57	21

Кестеде келтірілген мәліметтерден республика оқушыларына арналған мектептен тыс мекемелердің желісін көруге болады. Жалпы, 1971 жылдың басында КСРО-да 4403 пионерлер мен оқушылар сарайы мен үйлері және мәдениет үйлерінде 7000-нан астам балалар секторы, 1008 жас техниктер станциясы, 587 жас натуралистер станциясы, 202 экскурсиялық және туристік станция, 115 станса, балалар саябақтары, 38 балалар темір жолы, 6000-ға жуық балалар хореографиялық, өнер және музыка мектептері, 7600 балалар кітапханалары, сонымен қатар пионер лагерлері, еңбек және демалыс лагерлері, балаларға арналған демалыс үйлері және т.б. болды (Ракунов В.А., 2011: 119). Бұл пионерлер лагерінде мектеп оқушыларына кеңестік идеология насихатталды. Осы мақсатта 1976-1980 жылдары жергілікті жердегі үкімет орындарының қолдауымен жаңа сипаттағы тәрбие мен білім беретін мекемелер мектеп-кешендер көптеп ашылды. Оқушылардың тәрбиесіне қатысты жалпы білім беретін мектеп-кешендер мектептерді, пионерлер үйлерін, жастар клубын, түрлі қоғамдастықтарды, көркемөнерпаздар үйірмелерін, техникалық шығармашылық ұйымдарын, т.б. біріктірді. Мұндай мектеп-кешендер оқушылардың кеңестік тәрбиесін жақсартуға бағытталды (Беркімбаева және т.б., 2013: 64). Онда оқушыларды Коммунистік Парияның идеологиясы негізінде тәрбиелеуге назар аударылды.

1973 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің алтыншы сессиясында «КСРО және одақтық республикалардың халыққа білім беру туралы заңнамасының негіздері» қабылданды. Политехникалық білім беру мен еңбек тәрбиесін жетілдіру бағдарламасында орта мектепте білім беру ісін өндіріске жақындату үшін бірлескен оқу шеберханаларын, мектеп және мектеп аралық оқу-өндірістік шеберханаларын, оқушылардың өндірістік бригадаларын құру ұсынылды. «Ауылдық жалпы білім беретін мектептің жұмыс жағдайын

одан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулыға сәйкес совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары есебінен ауылдық жерлерде мектептер салынды (Красовицкая Т.Ю., 2011: 45). Қаулыда оқушыларды мектепке тасымалдауды ұйымдастыру, мектеп-интернаттардың қызметін жақсарту, олардың кадрлық құрамын толықтыру, материалдық қамтамасыз ету мәселесін шешу, оларда тұратын оқушылардың қалыпты тұрмыстық жағдайын оңалту шаралары қарастырылған.

1977 ж. КСРО азаматтарының білім алу құқығы бекітілді. Білім беру жүйесінің негізі мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралары, заңда немесе ел конституциясында бекітілгенде ғана азаматтардың білім алуы бойынша өздеріне жүктелген міндеттерін тиісінше орындалуы нақты қамтамасыз етіледі. КСРО Жоғарғы Кеңесі 1977 ж. 7 қазанда азаматтардың білім алу құқығын 45-баппен бекітті (Кукушкин Ю.С., Чистяков О., 1987: 24). Бұл құқық білімнің барлық түрлерін тегін, жалпыға бірдей міндеттілікті жүзеге асыруда жастардың орта білімін дамыту, оқудың өмірмен байланысына негізделген орта арнаулы және жоғары білім өндірісінде студенттерге мемлекеттік стипендиялар мен жеңілдіктер беру және мектептерде оқулықтарды тегін берумен қоса, мектептерде жергілікті халықтардың өз ана тілінде оқу мүмкіндігіне кепілдік берді.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында мектеп саясатының тұрақтануына әсер еткен факторларды саралау нәтижесінде 1950-1980 жж. орта білім берудің тарихи дамуының мақсаттары анықталды. Сонымен қатар партия мен үкімет шешімі орта білім беруді жүзеге асыруда шешуші рөл атқарды. 1950-1980 жылдары халыққа білім беруге қатысты қабылданған реформалардың барлығы

дерлік орындалды дегенді білдірмейді. Себебі, елімізде тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Қазақстанның солтүстік өңіріне қоныстандырылған өзге ұлт өкілдері үшін жергілікті мектептердің орыс тілінде оқытылуына сұраныс артты. Осы тұрғыдан алғанда КСРО құрамында болған республикалардың жергілікті халықтарының нақты қажеттіліктері мен мүмкіндіктері жеткілікті түрде ескерілмегендігі байқалады. Ол тікелей биліктің шешіміне сай жүзеге асырылды. Бұдан біз жалпыға білім берудің саяси маңызы бар екенін көреміз. Бұл білім алушының дамуында мемлекет пен қоғамның үстемдігі басым болғандығын және оқушының қажеттіліктерін қанағаттандыруға емес, қоғам талабына сай тұлға тәрбиелеу мәселесінің орын алғандығын көрсетеді.

1970 жылдары жалпыға міндетті орта білім беруге көшуге көп көңіл бөлуіне байланысты, бұл 1980 жылдары міндетті болды. Аталған кезеңде Кеңес мемлекетіне қажет мамандарды даярлауда жұмысшы жастарға арналған мектептерді дамыту қайта жанданды. Педагогикалық білім кең өріс алды, КСРО-да мұғалім мәртебесі жоғары болды, мұғалімдерге үлкен құрмет көрсетілді. Соғыстан кейінгі 20 жыл ішінде жоғары білімді мамандар саны 11 есеге жуық өсті. Бір қарағанда, халық ағарту саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізілді, бірақ бұл саланың нақты жағдайы өте қиын болды. Мектепте формализм мен функционалдық сауатсыздық өріс алды, сондықтан бұл салада түбегейлі реформалар енгізу әлі де қажет болды.

Әдебиеттер

- Бабанский Ю.К. (1982). Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: (Дидактический аспект). Москва: Педагогика. – 192 с.
- Бекмаханов Е. (1967). Қазақ ССР тарихы. VII-VIII кластарға арналған оқу құралы. Алматы: Мектеп. – 97 б.
- Беркімбаева Ш.К., Қожахметова К.Ж., Құнантаева К.Қ., Қалиев С.Қ., Керімов Л.К., Майгаранова Ш., Таубаева Ш., Иманбаева С.Т. (2013). Педагогика тарихы (білім беру және педагогикалық ойлар тарихы). Оқулық. Алматы. – 494 б.
- Вдовин А.И. (2018). История великой державы (1922-1991 гг.). Москва: ООО Проспект. – 179 с.
- Gallagher A.M. (1989). Majority Minority Review. Education and Religion in Northern Ireland. Coleraine: University of Ulster. Paperback, P. 49. ISBN 1 87120 690 1
- Занков Л.В. (1968). Дидактика и жизнь. Москва: Просвещение. – 176 с.
- Зорина Л.Я. (1978). Дидактические основы формирования системности знаний старшеклассников. Москва: Педагогика. – 128 с.
- Красовицкая Т.Ю. (2011). Модернизация российского образовательного пространства. От Столыпина к Сталину. Москва: Новый хронограф. – 245 с.
- Кукушкин Ю.С., Чистяков О. И. (1987). Очерк истории Советской Конституции. 2-е издание, дополненное. Москва: Политиздат. – 331 с.
- Қозыбаев М.Қ. (1992) Ақтандақтар ақиқаты. Алматы. – 272 б.
- КПСС о культуре просвещения и науке. (1963) Сборник документов. Москва: Политиздат. – 552 с.
- Лиферов А. П. (2001). Россия и Казахстан: на пути к воссозданию единого образовательного пространства // Педагогика. – № 7. С. 84-93.
- Лернер И.Я. (1981). Дидактические основы методов обучения. Москва: Педагогика. – 186 с.
- Материалы Пленума Центрального Комитета КПСС, 14-15 июня 1983 г. (1983). Москва: Политиздат. – 80 с.
- Народное образование, наука и культура в СССР. (1977). Статистический сборник. Москва: Статистика. – 262 с.
- Народное образование в СССР. (1974). Сб. документов, 1917-1973 гг. Москва: Наука. – 23 с.
- Нурлигенова З.Н. (2015). Особенности образовательной политики центрального Казахстана в первой половине 1950-х гг. // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. 2015. – № 2-2. – С. 281-283.
- О дальнейшем улучшении идеологической, политико-воспитательной работы: Постановление ДК КПСС от 26 апреля 1979 года. (1979). Москва: Политиздат. – 283 с.
- Педагогическая энциклопедия в 4 т. / гл. ред. И. А. Каиров и Ф. Н. Петров. (1965). Москва: Советская энциклопедия. Т. 2. – 638 с.
- Политехническое образование //Российская педагогическая энциклопедия. (1999). Т. 2. Москва: Наука. – 786 с.
- Павлищев К.С. (1987). Народное образование в СССР. Москва: Наука. – 198 с.
- Терехов А.Н. (2009). Система исторического образования в России: специфика эволюции в XX веке. //Вестник Челябинской государственной академии культуры и искусств. – № 1 (17). – С. 51-61.
- Ракунов В.А. (2001). Государственная политика в сфере школьного образования в 1920-30 гг. //Информационный гуманитарный портал «Знание Понимание. Умение». – №1 (январь-февраль). – С. 117-125.
- Турлыбекова А.М. (2016). Идеология история Казахстана. Культурная идентичность. Национальная политика. //Вестник КазНПУ имени Абая. №3 – С. 124-130.

Hadow W.H. (1924). Psychological tests of educable capacity and their possible use in the public system of education, London: HM Stationery Office. – 212 p.

Усова А.В. (1986). Формирование у школьников научных понятий в процессе обучения. Москва: Педагогика. – 176 с.

References

Babansky Yu.K. (1982). Quaestio augendi efficaciam studiorum pedagogicorum: (species didactica). Moscow: Pedagogika. – 192 p. (on Russian).

Bekmakhanov E. (1967). Historiae Kazakh SSR. Instrumentum educationis ad classes VII-VIII. Almaty: Schola. – 97 p. (on Kazakh).

Berkimbaeva Sh.K., Kunantaeva K. K., Kaliyev S. K., Kerimov L. K., Maigaranova Sh., Taubaeva Sh., Imanbaeva S.T. (2013). Historia paedagogiae (historia educationis et notiones paedagogicae). Textus. Almaty. – 494 p. (on Kazakh).

Vdovin A.I. (2018). Historia Magnae Potestatis (1922-1991). Moscow: ООО Просpekt. – 179 p. (on Russian).

Gallagher A.M. (1989). Majority Minority Review. Education and Religion in Northern Ireland, Coleraine: University of Ulster. Paperback, P. 49. ISBN 1 87120 690 1. (on English).

Zankov L.V. (1968). Didactica et vita. Moscow: Prosveshchenie. – 176 p. (on Russian).

Zorina L. Ya. (1978). Fundamenta didactica formationis systematis studiosorum scientiarum altae scholae. Moscow: Pedagogika. – 128 p. (on Russian).

Krasovitskaya T. Yu. (2011). Modernisationi scholasticae Russiae spatium. ab Stolypina ad Stalinum. Moscow: Novy chronographus. – 245 p. (on Russian).

Kukushkin Yu.S., Chistyakov O. (1987). Et ego. Historia Constitutionis Sovieticae. 2nd edition, supplemented. Moscow: Politizdat. – 331 p. (on Russian).

Kozybaev M.K. (1992). Veritas albae populi. Almaty. – 272 p. (on Kazakh).

CPSU est cultura, educatio et scientia. (1963). Collectio documentorum. Moscow: Politizdat. – 552 p. (on Russian).

Liferov A. P. (2001). Russia et Kazakhstan: in via ad spatium scholasticum unum instaurandum // Pedagogia. – N. 7. P. 84-93. (on Russian).

Lerner I.Ya. (1981). Didactica methodi docendi principia. Moscow: Pedagogika. – 186 p. (on Russian).

Materia Plenum Committee CPSU, die 14 iunii 14-15, 1983. (1983). Moscow: Politizdat. – 80 p. (on Russian).

Nationalis educatio, scientia et cultura in USSR. (1977). Collectio statistica. Moscow: Statistics. – 262 p. (on Russian).

Educationem nationalem in USSR. Sat. documenta, 1917-1973. (1974). Moscow: Nauka. – 23 p. (on Russian).

Nurligenova Z.N. (2015). Features consilii scholastici de Kazakhstan centralis in prima parte anni 1950. // Acta internationalia studiorum applicatorum et fundamentalium. – N. 2-2. – P. 281-283. (on Russian).

Ad ulteriorem emendationem operis ideologici, politici et scholastici: Resolutio Commissionis Centralis de CPSU die 26 mensis Aprilis anno 1979. (1979). Moscow: Politizdat. – 283 p. (on Russian).

Encyclopaedia paedagogica in Vol 4. / c. ed. Et ego. A. Kairov et F.N. Petrov. (1965). Moscow: Soviet encyclopedia. Vol. 2. – 638 p. (on Russian).

Educatio polytechnica // encyclopaedia pedagogica Russica. (1999). Vol. 2. Moscow: Nauka. – 786 p. (on Russian).

Pavlishchev K.S. (1987). Educationem nationalem in USSR. Moscow: Nauka. – 198 p. (on Russian).

Terekhov A.N. (2009). Systema educationis historicae in Russia: specialia evolutionis saeculo XX. // Herald of the Chelyabinsk State Academy of Culture and Arts. 1 (17). – P. 51-61. (on Russian).

Rakunov V.A. (2011). Consilium rei publicae in campo scholae educationis anno 1920-30. // Informatio humanitaria portalis “Scientiae et intellectus”. Solertia. – N. 1 (Jan.-Febr.). – P. 117-125. (on Russian).

Turlybekova A.M. (2016). Ideologia est historia Kazakhstan. Identitas culturalis. Consilium nationale. // Vestnik KazNPU imeni Abaya. №3. – P. 124-130. (on Kazakh).

Hadow W.H. (1924). Psychological tests of educable capacity and their possible use in the public system of education, London: HM Stationery Office. 212 p. (on English).

Usova A.V. (1986). Institutio notionum scholarium scientiarum in processu discendi. Moscow: Pedagogika. – 176 p. (on Russian).

Авторлар туралы мәлімет:

Орынбасарова Гүлжан Жаксымбетовна – Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы. E-mail: orynbasarova.74@mail.ru)

Рашева Гүлжан Өмірзаққызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Академик Т.С. Садыков атындағы жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты (E-mail: rashevag@mail.ru)

Information about the authors:

Orynbasarova Gulzhan Zhaksymbetovna – South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, senior lecturer, candidate of historical sciences. (Republic of Kazakhstan, Shymkent. E-mail: orynbasarova.74@mail.ru)

Rasheva Gulzhan Umirzakovna – Kazakh National Pedagogical University named after Abaya, senior lecturer of the Department of History of New and Modern Kazakhstan named after Academician Sadykova T.S., candidate of historical sciences. (E-mail: rashevag@mail.ru).

Сведения об авторах:

Орынбасарова Гулжан Жаксымбетовна – старший преподаватель, кандидат исторических наук, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова (Шымкент, Казахстан, e-mail: orynbasarova.74@mail.ru);

Рашева Гульжан Умирзаковна – кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры истории нового и современного Казахстана им. академика Т.С. Садыкова, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: rashevag@mail.ru).

Келін түсті: 21.10.2025

Қабылданды: 25.11.2025